

## **"Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1333 қаулысы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: "Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

## **"Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы**

Осы Заң құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғауға Қазақстан Республикасы азаматтарының өз еркімен қатысуына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

### **1-бап. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы заңнама**

1. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларынан тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ережелерден өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

### **2-бап. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы**

1. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес құқық қорғау органдарына ерікті түрде жәрдемдесуі арқылы жүзеге асырылады.

2. Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қатысушы азаматтар өз қызметін заңдылық, адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндігін құрметтеу және сақтау қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

### **3-бап. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы мәселелері бойынша жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың құзыреті**

1. Жергілікті өкілетті органдар құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде құқық қорғау орындарында жәрдемдескен азаматтарды көтермелеуге қаражат бөлуге қатысты бюджеттік бағдарламаларды қарайды және бекітеді.

## 2. Жергілікті атқарушы органдар:

- 1) құқық тәртібін қамтамасыз етуге қатысушы азаматтарды тіркейді және олардың есебін жүргізеді;
- 2) құқық тәртібін қамтамасыз етуге қатысушы азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссияны құрады;
- 3) құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтарға ақшалай сыйақы берудің мөлшерін анықтайды және көтермелеудің тәртібін белгілейді.

### **4-бап. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы мәселелері бойынша құқық қорғау орындарының құзыреті**

#### Құқық қорғау орындары:

- 1) бақылау-қадағалау функцияларымен байланысты емес құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тартудың тәртібін, нысандары мен түрлерін белгілейді;
- 2) құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтар куәлігінің үлгісін және жеңге тағатын эмблеманың (байламның) рәмізін әзірлейді және бекітеді.
- 3) құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтар қызметінің мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасасады;
- 4) құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтарға құқық бұзушылықтың жолын кесу мен құқық бұзушыны ұстау кезіндегі олардың қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау және өзін-өзі қорғау жөніндегі құқықтарын түсіндіреді, сондай-ақ осы мәселелер бойынша оларға өзге де құқықтық көмек береді.

### **5-бап. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтарды тіркеу**

1. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтар тиісті жергілікті атқарушы органда міндетті тіркелуі тиіс. Осы мақсатта, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуға ниет білдірген азамат жеке куәлігінің немесе Қазақстан Республикасының азаматы паспортының көшірмелерін және оның медициналық сақтандырылғандығын растайтын құжатты қоса бере отырып, құқық қорғау органына өтініш білдіреді.

2. Өтінішті қабылдап алған құқық қорғау органы өтініші келіп түскен күнінен бастап бір ай мерзімде осы азаматты наркологиялық және психоневрологиялық есепке алу бойынша, сондай-ақ қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мәніне тексереді, ұсынылған құжаттар мен тексеру нәтижелерінің көшірмелерін қосып, жергілікті атқарушы органға тиісті өтініш білдіреді немесе өтініш иесіне бас тарту шешімін қабылдау себебі көрсетіле отырып, жазбаша жауап жібереді.

3. Жергілікті атқарушы орган келіп түскен өтінішті жеті жұмыс күні ішінде қарайды, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге ниет білдірген азаматты тіркейді және есепке алады, ол туралы құқық қорғау органын жазбаша түрде хабардар етеді.

4. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуға кәмелетке толмағандар, оларға қатысты қылмыстық іс қозғалған немесе заңда белгіленген тәртіп бойынша соттылығы

жойылмаған немесе алынбаған азаматтарға, сондай-ақ наркологиялық немесе психоневрологиялық ауытқулары бар ауру адамдарға рұқсат етілмейді.

5. Өтінішті қабылдамауға негіз болған себептер жойылған жағдайда өтініш иесінің қайта өтініш беруіне кедергі болмайды.

6. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтың қатысуын тоқтатуға мыналар: құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге одан әрі қатысуға ниетінің жоқтығы туралы ө т і н і ш і ;

қылмыстық жауапкершілікке тартылуы; ұдайы (бір жылда екі және одан да көп) қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтар ж а с а у ы ;

оның Қазақстан Республикасының тысқары жерлерге тұрақты тұруға кетуі; құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуын болдырмайтын мән-жайлардың туындауы (психикалық, наркологиялық ауруы немесе Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес қоршаған ортаға қауіп төндіретін ауруы, өлімі) негіз болып т а б ы л а д ы .

7. Осы баптың 6-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындағанда, жергілікті атқарушы орган тиісті құқық қорғау органының ұсынысы бойынша мұндай азаматты құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтардың есебінен шығарады.

**6-бап. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтардың қызметін шектеу**

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтарға:

1) заңнамаға сәйкес құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың ерекше құзыретіне жататын процессуалдық және өзге де қызметті жүзеге асыруға;

2) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өкілеттіктерін иемденуге;

3) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің заңды қызметіне бөгет жасауға;

4) құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысу кезінде куәгер б о л у ғ а ;

5) адамның және азаматтың ары мен абыройын түсіретін немесе азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектейтін іс-әрекеттер жасауға;

6) құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысу кезінде осы Заңның 7-бабының 3-тармақшасында көрсетілген өзін-өзі қорғау құралдарын қоспағанда құқық қорғау орындарының қару-жарағында болатын арнайы құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

**7-бап. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтардың құқықтары**

1. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтар:

1) бақылау-қадағалау функцияларымен байланысы емес құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларда құқық қорғау органдарына жәрдемдесуге;

2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын к е с у г е ;

3) өзін-өзі қорғау құқық бұзушылықтың жолын кесу және құқық бұзушыларда ұстау мақсатында, егер де бұл мақсаттарға өзге құралдармен қол жеткізу мүмкін болмаса және бұл ретте қажетті шаралар шегінен шықпаған жағдайда заңда белгіленген тәртіппен сатып алынған газды қаруды және дене күшін қолдануға;

4) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 133-бабында көрсетілген жағдайларда, егер қылмыс жасап ұсталған адамда қару және қылмыстық іс үшін мәні бар өзге де қауіпті заттар бар деп ұйғаруға негіз болса, ұсталушының киімін тексеруге және ондағы заттарды құқық қорғау органына беру үшін алып қоюға;

5) Құқық бұзушыларға құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында оларға қатысты қолданылатын шаралардың себептері мен негіздерін және осыған орай туындайтын мұндай іс-әрекеттерге шағым беру құқықтарын түсіндіруге құқылы.

### **8-бап. Көтермелеу шаралары**

1 . М ы н а л а р :

- 1 ) а л ғ ы с ж а р и я л а у ;
- 2 ) г р а м о т а м е н м а р а п а т т а у ;
- 3 ) а қ ш а л а й с ы й а қ ы б е р у ;

4) жергілікті өкілетті және атқарушы органдар өз құзыреті шегінде белгілейтін өзге де шаралар құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтарды көтермелеу шаралары болып табылады.

2. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтарды құқық қорғау органының ұсыным хаты бойынша көтермелеу мәселелерін тиісті әкімдіктің шешімімен құрылған комиссия қарайды.

3. Комиссия құрамына жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, сондай-ақ азаматты көтермелеуге ұсынған құқық қорғау органының өкілдері кіреді. Бұл комиссия сондай-ақ қылмыстардың алдын алуға, жолын кесуге немесе оларды ашуға септігін тигізген, осы Заңда белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдарында тіркелмеген азаматтарды да көтермелеуге құқылы.

### **9-бап. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету кепілдіктері**

Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қатысушы азаматтар мемлекеттің қорғауында болады. Құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысуға байланысты көрсетілген азаматтарға қатысты заңсыз іс-әрекеттер жасау заңда белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*